

Ырғыз ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 маусымдағы № 196 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде № 4435 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 241 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 29.02.2016 № 241 шешімімен (қабылдаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387, 444 баптарына сәйкес, Ырғыз аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ырғыз ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Қ. ТІЛЕУҒАБЫЛОВ

К. ҚОСАЯҚОВ